

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК**

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК Қамқоршылық кеңесіне арналған балалардың денсаулығын сақтау шараларын бақылау парағы

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау, нығайту және қауіпсіз орта қалыптастыру – мекеме қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады. Балалардың денсаулығын сақтау шараларын жүйелі түрде ұйымдастыру және бақылау мақсатында Қамқоршылық кеңесі, мекеме әкімшілігі және кеңес мүшелері бірлесіп жұмыс жүргізеді. Осы бақылау парағы мектепке дейінгі ұйымдағы сауықтыру, санитарлық-гигиеналық, алдын алу және қауіпсіздік шараларының орындалуын жүйелі қадағалау үшін әзірленді.

Бақылау жұмыстары жыл бойы жүргізіледі және төмендегі негізгі бағыттарды қамтиды:

тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын бақылау;
санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын тексеру;
тамақтану сапасын бақылау;
дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;
медициналық қызмет сапасын бақылау;
ата-аналармен профилактикалық жұмыстар жүргізу;
қауіпсіздік талаптарының орындалуын қадағалау.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі міндеті – балалардың денсаулығын қорғауға бағытталған іс-шаралардың сапалы орындалуын қамтамасыз ету, әкімшілікке ұсыныстар беру және бақылау нәтижелерін талдау.

I. Балалардың денсаулығын сақтау бойынша ұйымдастыру жұмыстары

1.1 Денсаулық сақтау бағытындағы жоспарлау жұмыстары

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сәйкес балалардың денсаулығын сақтау және нығайту шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылады. Әкімшілік тарапынан әр оқу жылының басында денсаулық сақтау жұмыстарының кешенді жоспары бекітіледі.

Бақылау бағыттары:

Денсаулық сақтау бойынша жылдық жоспардың болуы;
Медициналық-педагогикалық бақылау кестесінің бекітілуі;
Топтарда күн тәртібінің сақталуы;
Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жүктеменің ұйымдастырылуы;
Сауықтыру шараларының жоспарға сәйкес жүргізілуі.

Жауаптылар:

Мекеме меңгерушісі;
Әдіскер
Медбике;
Қамқоршылық кеңес мүшелері.

Бақылау түрі:

Құжаттарды зерделеу;
Топтарға бақылау жүргізу;
Өңгімелесу;
Күн тәртібін қадағалау.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі ұйымдастырылып, санитарлық-гигиеналық және тәрбиелік талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

II. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау

2.1 Топ бөлмелерінің санитарлық жағдайы

Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында топ бөлмелерінің тазалығы мен санитарлық талаптарға сәйкестігі күнделікті бақылауда болады.

Бақылау көрсеткіштері:

Топ бөлмелерінің тазалығы;
Желдету жұмыстарының уақытылы жүргізілуі;
Жарықтандыру деңгейінің сақталуы;
Температуралық режимнің талапқа сәйкестігі;
Төсек-орын жабдықтарының тазалығы;
Ойыншықтардың санитарлық өңделуі.

Бақылау мерзімі:

Жыл бойы, күнделікті және ай сайын.

Жауаптылар:

Шаруашылық меңгерушісі;

Медбике;

Тәрбиешілер;

Қамқоршылық кеңесі.

Бақылау нәтижелері бойынша:

Анықталған кемшіліктер бойынша ескертулер беріледі;

Қайта тексеру ұйымдастырылады;

Санитарлық талаптарды жақсарту бойынша ұсыныстар енгізіледі.

2.2 Ас блогының санитарлық жағдайын бақылау

Балалардың дұрыс әрі қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету – денсаулық сақтаудың негізгі бағыты.

Бақылау бағыттары:

Ас блогының санитарлық жағдайы;

Азық-түліктің сапасы;

Тоңазытқыш температурасының сақталуы;

Тағамдардың сақтау мерзімі;

Ас мәзірінің талапқа сәйкестігі;

Дайын тағамдардың сапасы;

Витаминдендіру жұмыстары.

Бақылау әдістері:

Күнделікті тексеру;

Медициналық бақылау;

Қамқоршылық кеңесінің мониторингі;

Құжаттамаларды тексеру.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың сапалы және теңгерімді тамақтануы қамтамасыз етіледі.

III. Медициналық қызметті бақылау

3.1 Балалардың денсаулық жағдайын бақылау

Медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілердің денсаулығын тұрақты бақылауда ұстайды.

Бақылау бағыттары:

Балалардың таңертеңгі филтрден өткізілуі;

Дене қызуын тексеру;

Ауру белгілерін анықтау;

Вакцинация жұмыстарын бақылау;

Медициналық карталардың жүргізілуі;

Денсаулық топтарын анықтау;

Созылмалы аурулары бар балаларды бақылау.

Жауаптылар:

Медбике;

Дәрігер;

Әкімшілік;

Қамқоршылық кеңесі.

Бақылау нәтижелері:

Балалардың аурушаңдық көрсеткіштері төмендейді;
Алдын алу шаралары тиімді жүргізіледі;
Денсаулық көрсеткіштері бойынша талдау жасалады.

3.2 Сауықтыру шараларын ұйымдастыру

Балалардың иммунитетін нығайту және денсаулығын жақсарту мақсатында сауықтыру жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

Сауықтыру шаралары:

Таңғы жаттығулар;
Серуен ұйымдастыру;
Таза ауада ойындар өткізу;
Шынықтыру шаралары;
Тыныс алу жаттығулары;
Саусақ жаттығулары;
Дене шынықтыру сабақтары;
Музыкалық-ырғақты қозғалыстар.
Бақылау түрлері:
Сабақтарға қатысу;
Мониторинг;
Бақылау карталарын толтыру;
Медициналық талдау.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың қозғалыс белсенділігі артып, денсаулық көрсеткіштері жақсарады.

IV. Қауіпсіздік шараларын бақылау

4.1 Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында өрт қауіпсіздігі ережелерінің орындалуы тұрақты бақылауға алынады.

Бақылау бағыттары:

Эвакуациялық жолдардың ашық болуы;
Өрт сөндіру құралдарының жарамдылығы;
Қызметкерлердің қауіпсіздік нұсқаулықтарымен танысуы;
Жаттығу эвакуацияларының өткізілуі;
Электр құралдарының қауіпсіз пайдаланылуы.
Жауаптылар:
Мекеме меңгерушісі;

Шаруашылық меңгерушісі;
Қауіпсіздікке жауапты маман;
Қамқоршылық кеңесі.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуі қамтамасыз етіледі.

4.2 Балалардың өмір қауіпсіздігін бақылау

Бақылау бағыттары:

Ойын алаңдарының қауіпсіздігі;
Жиһаздардың талапқа сәйкестігі;
Спорттық құралдардың жарамдылығы;
Жарақаттанудың алдын алу шаралары;
Балалардың қауіпсіз жүріп-тұруын ұйымдастыру.

Бақылау нәтижесі:

Жарақаттану жағдайларының алдын алу қамтамасыз етіледі.

V. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

5.1 Денсаулық сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары

Ата-аналармен балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша тұрақты түрде түсіндіру және ақпараттық жұмыстар жүргізіледі.

Жұмыс түрлері:

Ата-аналар жиналыстары;

Кеңестер;

Жаднамалар тарату;

Денсаулық күндерін өткізу;

Ашық есік күндері;

Медициналық кеңестер.

Қаралатын мәселелер:

Дұрыс тамақтану;

Балалардың күн тәртібі;

Вирустық аурулардың алдын алу;

Гигиеналық дағдылар;

Үй жағдайындағы қауіпсіздік;

Балалардың психологиялық денсаулығы.

Жауаптылар:

Тәрбиешілер;

Медбике;
Психолог;
Әкімшілік;

Қамқоршылық кеңесі.

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналардың денсаулық сақтау мәдениеті қалыптасып, мекеме мен отбасы арасындағы байланыс нығаяды.

VI. Қамқоршылық кеңесінің бақылау және талдау жұмыстары

6.1 Мониторинг жүргізу

Қамқоршылық кеңесі жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстарға мониторинг жүргізеді.

Мониторинг мазмұны:

Сауықтыру жұмыстарының сапасы;
Тамақтану жағдайы;
Медициналық қызмет;
Қауіпсіздік талаптарының орындалуы;
Ата-аналармен жұмыстың ұйымдастырылуы.

Мониторинг әдістері:

Құжаттарды талдау;
Бақылау;
Сауалнама;
Әңгімелесу;
Тексеру актілері.
Мониторинг қорытындысы
Анықтамалар дайындалады;
Ұсыныстар енгізіледі;
Кемшіліктерді жою жұмыстары ұйымдастырылады.

6.2 Талдау және қорытындылау

Жыл соңында Қамқоршылық кеңесі балалардың денсаулығын сақтау жұмыстары бойынша қорытынды талдау жүргізеді.

Талдау барысында:

Жылдық көрсеткіштер салыстырылады;
Аурушандық деңгейі қарастырылады;
Сауықтыру жұмыстарының тиімділігі бағаланады;

Келесі оқу жылына ұсыныстар әзірленеді.

Қорытынды:

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК балалардың денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, әкімшілік пен Қамқоршылық кеңесінің бірлескен бақылауы нәтижесінде тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастырылады. Денсаулық сақтау шараларының тиімді орындалуы балалардың физикалық және психологиялық дамуына оң әсер етеді.